БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Н ТУЫ

КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
РОПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

май Сейсенбі | Шығуына 33 жыл | жеке саны 20 тиын.

**Парды мейлінше көп жырту, бұл жөніндегі жоспардың әрбір колхоз бен совхозда мерзімінде және толық орындалуын қамтамасыз ету, сөйтіп, алдымыздағы жылы егіннің барлық көлемінен мол өнім алудың берік негізін қалау—облыс еңбекшілерінің бүгін таңдағы кезек күттірмейтін міндеті.**

## еңінен
## қ

ұандарды алатын болсақ,
өте нашар. Аудандардың
тік пар жырту әлі шын
н жоқ. Октябрь, Мамлют,
және Преснов ауданда-
колхозы мен совхозында
ойдағыдай жүргізілмей

мұндай артта қалушы-
төзуге тіпті болмайды.
р МТС-те және әрбір кол-
бұл жұмысқа қолда бар
түгел жұмылдырылуға
ншіліктің мәдениетін кө-
нді дақылдардың өнімді-
ақсатында пардың маңы-
ыдан да артып отыр. Қа-
аруашылығы мен совхоз-
ктерінің және В. И.
ы Бүкілодақтық ауыл-
лым академиясы қазақ
спубликаның солтүстік-
тыс облыстарының кол-
хоздарында көктемгі егіс-
дегі шараларында пар
ңыз берілді.

**—көктемдегі жұмыс, —**
**—Сондықтан да егіс жос-**

*Пар—мол өнімнің негізі*

## Жарыс нәтижесі

Петропавл селолық ауданының ірілен-ген Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары мол өнім үшін күресті күшейте отырып, дәнді және техникалық дақылдар егу жоспарын ойдағыдай орындаған болатын.

Колхозшылар қолжеткен табысты баянды ету үшін іле- шала пар жыртуға кірісіп, оны жедел жүргізуде. Бұл жұмыста Степан Бөгер жолдас басқарған бригаданың тракторшылары ерекше еңбек етіп, үздік алда келеді. Бұл бригадада жұмыс сағаттық график бойынша, екі сменада жүргізіледі. Тракторшылардың барлығы социалистік жарысқа қосылған, пар жыртуды қысқа мерзімде аяқтау жөнінде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алған. Осының арқасында бригада тракторшылары пар жыртудың күндік тапсырмасын 110—112 проценттен орындап жүр.

Бригаданың таңдаулы тракторшысы Эмануал Бреминг пар жыртуда уақытты ұтымды пайдаланып, «С—80» тракторымен күніне 12—13 гектар орнына, 16—17 гектардан пар жыртады. Ал, оның серігі —Штоль смена сайын екі адамның жұмысын атқарады.

# Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындайық

☆ ☆ ☆

## Социалистік жарыс және еңбек өрлеуі

Соңғы төрт- бес жылдың бойына Петропавл темекі фабрикасының жұмысшылары мен инженер- техник қызметкерлері өнім шығарудың жоспарын барлық көрсеткіштер бойынша ойдағыдай орындап келеді. Бұл —еңалдымен коллектив арасында коммунистік құрылыстың сыналған әдісі —социалистік жарысты пәрменінше өрістетудің игі нәтижесі. Бізде өзіне көтеріңкі міндеттемелер алмаған, социалистік жарысқа ұштаспаған бірде- бір жұмысшы жоқ. Коллективтің мұндай белсенділігі, әсресе, май мерекесі құрметіндегі социалистік жарыс күндерінде өзінің игі нәтижелерін берді.

Осындай өрлеу нәтижесінде бір кездерде артта қалған кәсіпорны кәзір жұмысты мейлінше тиімді істеп, мемлекетке көп пайда келтіретін болды. Егер, 1947 жылы осы күнгі жұмысшылар құрамымен, кәзіргі пайдаланылып. жүрген агрегаттармен фабрика жоспарды орындай алмай, мемлекетке жылына 317 мың елімiздің алдыңғы қатарлыларының озат тәжрибелерін өндіріске батыл енгізу және өз стахановшыларымыздың еңбек әдістерін жыйнақтап, қорытуды ұйымдастыру арқылы өнім сапасын бүгінгі талаптарға сай жақсарттық. Кәзір бізде ақауға жол берілу фактісі мүлдем жоқ.

Өткен жылдардағы сыяқты, үстіміздегі жылы да коллектив өзінің барлық күш-мүмкіншілігін жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындау, озат тәжрибелерді кеңінен қолдану, сөйтіп, кәсіпорнын алдыңғы қатарлылар сапына қосу үшін қажырлылықпен күрес жүргізуде. Фабрикада бұл күндері өндірісте тікелей жұмыс істейтін барлық жұмысшылардың 60 проценттен астамы стахановшылар, нормасын орындамайтын бірде-бір адам жоқ.

Ендігі жерде біздің алдымызға қойып отырған мақсатымыз —қол жеткен табыстарымызды баянды ете отырып, үсті-

### ОБЛЫС КОЛХОЗДАРЫНДА КӨКТЕМГ ЕГІС ЖОСПАРЫНЫҢ ОСЫ ЖЫЛҒЫ 25 МАЙҒА ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

(Процент есебімен)

| Аудандар | Жоспардың орындалу проценті |
|---|---|
| Булаев | 93,5 |
| Совет | 91 |
| Приешім | 90,2 |
| Конюхов | 87,6 |
| Петропавл | 86,3 |
| Мамлют | 84,3 |
| Соколов | 84,3 |
| Полудень | 84,2 |
| Ленин | 82,2 |
| Преснов | 78,4 |
| Октябрь | 68,1 |
| Облыс бойынша | 83,1 |

## Жылқы шағылыстыру үлгілі өткізілсін

Еліміздің экономикалық күш- қуат онан әрі өркендете беруде жылқы ш уашылығының маңызы зор. Сондық да партиямыз бен үкметіміз қоғам жылқы санын тез қарқынмен өсіру м детін қойып отыр.

# Капиталистік елдерде пролетариаттың қайыршылануы және жұмысшы қозғалысының өрлеуі

Капиталистік елдердің, еңалдымен, Солтүстік атлантика одағына кіретін мемлекеттердің экономикасы жаңа агрессиялық соғысты даярлауға бағындырылған. Американ Құрама Штаттарының билеп-төстеуші топтарының қыспағымен капиталистік мемлекеттер жүргізіп отырған қару- жарақты үсті -үстіне өндіру орасан көп қаржыны жеуде. Үстемдік етуші империалистік азшылық топ бұл шығынның барлық ауыртпалығын жұмысшы табына, еңбекші шаруаға, халықтың қалың көпшілігіне артып отыр.

Салықтардың тез өсуінің, ақшаның құнсыздануының және қымбатшылықтың үздіксіз өсуінің салдарынан капиталистік елдерде еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі өте-мөте төмендеп отыр.

Францияда өнеркәсіп товарларының бағасы 1938 жылдан бері 22 еседен артық, ауылшаруашылық азықтарының бағасы—19 есе көтерілді. Осы уақыт ішінде нақты жалақы мөлшері 50 проценттен артық кеміді.

Англия үкметі 1951 жылдың бірінші жартысында ғана бөлшек сауда бағаларын жоғарылату туралы 62 жарлық берді. Мұнда соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда ең қажет товарлардың бағасы екі есе өсті. Сол сияқты, темір жолмен және қалалық транспортпен жүрудің бағасы көтерілуде, газдың, электр қуатының және басқаларының құны артуда.

Америка Құрама Штаттарында, басқа капиталистік елдердегі сияқты, тұрмыс қымбатшылығы мен еңбекшілердің қайыршылануы Кореядағы американ агрессиясы басталған соң тіпті өсіп кетті. Тіпті, АҚШ еңбек министрлігінің ресми мәліметі бойынша, 1939 жылы 16 доллар тұратын бакалея товарлары 1951 жылдың аяғында 23,7 доллар тұратын бол-

1950 —1951 жылдарда да, 1952 жылдың басында да Италияда аса ірі ереуіл болды, оларға бүтіндей провинциялардың, ал, кейде бүкіл елдің өнеркәсібінің әртүрлі салаларының жұмысшылары қатысты. 1951 жылдың өзінде ғана мемлекеттік мекемелер қызметшілерінің үш рет жаппай ереуілі болды.

Қазір бүкіл италиялық еңбек конфедерациясы жалақыны 15 процентке жаппай ұлғайту үшін үлкен күрес жүргізуде. Бұл күрестің барысында біртұтас майдан қалыптасуда, өйткені оған бүкіл италиялық еңбек конфедерациясы біріктіретін кәсіподақтарының мүшелері ғана емес, сол сияқты, католиктік және басқа кәсіподақтарындағы еңбекшілер де, ұйымдаспаған жұмысшылар да қатысады.

Осы сияқты, Францияда да жұмысшы табы американ империализмінің елді құлдануына, жаңа соғыс өртін тұтандыруына және Францияны американ соғыс базасына айналдыруға, Корея мен Вьетнамдағы соғысқа қарсы күрес жүргізуші негізгі **саяси күш** болып отыр. Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы күрес айырықша жігермен жүргізілуде.

Француз жұмысшы табының еңбекшілерді тонауға қарсы, билеп -төстеуші топтардың бүкіл саясатына қарсы қозғалысының ең маңызды кезеңі ереуілдер болды. Париж ауданы кәсіподақтарының съезінде жарияланған мәлімет бойынша, 1951 жылдың январынан октябріне дейін 2 мың 600 ереуіл болды, оның 80 проценті еңбекшілер жеңісімен аяқталды.

Француз пролетариатының соңғы айлар ішіндегі ең ірі аттаныстарының ішінен 1951 жылдың ноябріндегі баспахана жұмысшыларының жаппай ереуілін атап өту керек. Ереуіл жасаушылардың қыйқосу және қолдау табуда. Жалақыны арттыру жолындағы ереуіл қозғалысы барған сайын күшейе түсуде. 1951 жылдың сентябрь —октябрь айларында Гэссеннің 100 мыңнан аса металшылары өздерінің тұрмыстық талаптарының қанағаттандырылуы үшін төрт апта күресті.

Совет Үкметінің, АҚШ-тың, Англия мен Францияның үкметтеріне біртұтас Германиямен бітім шартын тез жасау туралы тапсырған ноталары және бітім шарты Негізінің жобасын соғыс хаупіне қарсы, біртұтас, тәуелсіз, бейбітшілік сүйгіш және демократияшыл Германия үшін күреске барған сайын батыл көтеріліп отырған герман халқының қалың көпшілігі зор өрлеумен қарсы алды.

Англияда ереуіл күресі көмір өнеркәсібінде және порт жұмысшылары арасында мейлінше өріс алуда. Соңғы уақытта ереуіл қозғалысы теміржолшылар, машина жасаушылар, қала транспорты қызметкерлері арасында күшейе түсіп отыр.

Англия еңбекшілері үкметтің сыртқы саясатын күннен -күнге қатты сынға алуда және одан бес ұлы мемлекеттер арасында Бейбітшілік Шартын жасасуды, атом қаруына тыйым салуды және қару-жарақты қысқартуды талап етуде.

Америка Құрама Штаттарының еңбекшілер бұқарасының өз тәжрибелерінде билеп- төстеуші топтардың ішкі және сыртқы саясатының халыққа қарсы бағытының апатқа апарып соғатынына көздері жетуде. Бұл саясат миллионерлер мен миллиардерлерге үсті- үстіне баю, ал, халықтың қалың көпшілігіне шексіз жаңа жоқшылық пен құрбандықтар әкеледі.

Көптеген фактілер АҚШ халқы қалың көпшілігінің Кореядағы соғысқа наразы-

басқа капиталистік елдердің жұмысшы табы өрістетіп отыр.

Еңбекшілер Бірінші Май күнін зор өрлеу үстінде өткізді. Париждың, Токионың, Римнің, Лондонның және басқа капиталистік мемлекеттер қалаларының көшелері мен алаңдарына миллиондаған демонстраттар шығып, бейбітшілік ісін қорғауға, Кореядағы соғысты тоқтатуға жетуге және капиталистік монополиялардың тонаушылық саясатына тойтарыс беруге өздерінің еркі мен әзір екендігін біркісідей көрсетті. Францияда, Жапонияда және басқа елдерде еңбекшілердің Бірінші Майдағы аттаныстары ерекше жауынгерлік сипатымен және оған қалың бұқараның қатысуымен көзге түсті. Париждегі жарты миллиондық демонстрация көлемі жағынан барлық бұрынғы демонстрациялардан асып түсті және бұқараның зор өрлеуімен, жауынгерлік ниетімен, әртүрлі жұмысшылар мен демократиялық ұйымдар қатарының бірлігімен өзгеше болды. Токиода орасан зор Бірінші Май демонстрациясы өткізілді. Мұндай демонстрация елде көп жыл бойына болған жоқ-ты.

* * *

Капиталистік елдердегі жұмысшы қозғалысына талдау жасау қалың бұқараның соғыс хаупінің күшейгенін, бейбітшілік ісін сақтау және өздерінің тұрмыстық мүдделерін қорғау үшін батыл күресті өрістету қажеттігі барған сайын түсінуде екенін көрсетеді.

Капиталистік елдерде жұмысшы табы күресінің күші қазір, ең алдымен, американ империализміне —дүние жүзіндегі пролетариаттың және еңбекшілердің негізгі жауына, көп мемлекеттердің ұлттық тәуелсіздігіне қол сұғушы халықаралық жандармға қарсы бағытталуда.

